

## **2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы № а-3/111 қаулысы. Ақмола облысы Атбасар ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 31 наурызда № 1-5-162 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қаулысына сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтардың, 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында «Ақмола облысы Атбасар қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы, кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу кестесі 2011 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Атбасар ауданы әкімінің орынбасары Ж . Ғ . Қ а ж е н о в к е жүктелсін.

5. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Атбасар ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар ауданының әкімі*

*Р.Әубәкіров*

«Келісілді»

Ақмола облысы денсаулық сақтау  
басқармасы жанындағы «Атбасар  
орталық аудандық ауруханасы»  
мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорыны бас дәрігері Р.Рахметова

«Ақмола облысы Атбасар қаласының  
Қорғаныс істері жөніндегі  
біріктірілген бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің бастығы Ж.Қарқынбаев

«Қазақстан Республикасының  
ішкі істер Министрлігі Ақмола  
облысының ішкі істер департаменті  
Атбасар ауданының ішкі істер бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы М.Әбдірахманов

А т б а с а р а у д а н ы ә к і м д і г і н і н  
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 4 н а у р ы з д а ғ ы  
№ а-3/111 қаулысына 1 қосымша

### Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Қ а р қ ы н б а е в Жанат Таңатарұлы	«Ақмола облысы Атбасар қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекеменің бастығы, шақыру комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)
Қ а ж е н о в Жоламан Ғалымұлы	Атбасар ауданы әкімінің орынбасары, шақыру комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Комиссия мүшелері:	
Т ү ш е м б е к о в Мұрзахан Рахымбекұлы	«Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Атбасар ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекеме бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Б р о д е ц к а я Валентина Лукьяновна	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы « Атбасар орталық аудандық аурухана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның көз дәрігері, медицина комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)









